

**Рзабай Ақтоты Иманғазықызының 6D030100 - «Құқықтану»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу
үшін дайындалған «Қазақстан Республикасының экологиялық
құқығының халықаралық қайнар көздері» тақырыбына жазылған
диссертациясына ресми рецензенттің**

СЫН-ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысы мемлекеттің экологиялық құқығы қайнар көздерінің бірыңғай құрылымындағы қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурс көздерін қолдану жайлы халықаралық құқықтық нормалардың орны мен мәртебесін зерттеуге арналған.

Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы қайнар көздерінің жалпы жүйесіндегі қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану туралы халықаралық құқықтық нормалардың рөлі мен орнын зерттеуі жұмыстың құндылығын арттырады. Жұмыста экологиялық құқық қайнар көздерінің теориялық мәселелері және халықаралық шарттық нормаларды экологиялық заңнамаға имплементациялау мәселелері ашылып көрсетілген. Сонымен қатар, диссертацияда Қазақстанның экологиялық құқығының қайнар көзі ретіндегі халықаралық шарттың заңдық табиғаты зерделеніп, әмбебап, аймақтық және екіжақты халықаралық экологиялық шарттардың мазмұны қарастырылған, халықаралық экологиялық міндеттемелерді іске асыруды қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі талдауға алынған. Зерттеу саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және Қазақстанның мемлекеттік органдарының қызметін жетілдіру бойынша берілген тәжірибелік ұсыныстар диссертацияны маңызды әрі мазмұнды зерттеулер қатарына қосады.

Қазақстанның халықаралық экологиялық шарттарындағы нормаларды конституциялық тану әрі қабылдау Қазақстанның халықаралық экологиялық шарт нормаларын қолданыстағы экологиялық заңнамаға айналдыру процесінде тікелей көрініс табады. Бұл болса Қазақстан Республикасының экологиялық құқығында халықаралық қайнар көздердің ерекше санаты бар екендігін көрсетеді. Жалпы алғанда, ратификацияланған халықаралық шарттардың нормаларын қолданыстағы заң ретінде конституциялық тұрғыдан тану және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларынан басымдығын тану, Қазақстанның халықаралық шарт жасасу процесіне белсенді қатысуы әрі соның нәтижесінде халықаралық шарттық нормалардың еліміздің экологиялық заңнамасына ықпалы сияқты мәселелердің ғылыми зерттелуі отандық құқықтану ғылымында әлі де жеткіліксіз болып табылады. Сонымен қатар, экологиялық құқық қайнар көздерінің жалпы құрылымында мемлекет мойындаған халықаралық-құқықтық нормалардың орны мен рөліне арналған

арнайы зерттеулердің аз болуы осы диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Экологиялық кодексінің мазмұнына қатысты білдіріліп келе жатқан сыни көзқарастардың бірі, бұл Кодекс ережелерінің әлі де халықаралық стандарттарға толығымен сай болмай отырғандығын ескеретін болсақ, ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігі одан ары артатындығы сөзсіз. Осының барлығы, біздің ойымызша, диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым дамуының сұраныстарымен) байланысын байқатады.

2. Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі

Диссертациялық зерттеуді жүргізу барысында келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді.

Бірінші ғылыми нәтиже. ҚР-ң экологиялық құқығының қайнар көздері жүйесінде халықаралық құқықтық қайнар көздерді бөліп қарастырудың негізі белгіленді. Атап айтқанда: ҚР-ң экологиялық құқығы қайнар көздерінің жалпы жүйесіндегі халықаралық құқықтық қайнар көздерді бөліп қарастырудың негізін ҚР Конституциясының 4-ші бабының 1-ші және 3-ші тармақтары қалайды.

Екінші ғылыми нәтиже. Халықаралық экологиялық құқық нормаларын имплементациялауды құқықтық қамтамасыз етудің ұлттық жүйесінің құрамы белгіленді. Атап айтқанда, бұл жүйе халықаралық құқықтық нұсқауларды ұлттық деңгейде жүзеге асырудың құқықтық негізін белгілейді және екі түрлі нормативтік құқықтық актілерді қамтиды: 1) халықаралық және ҚР ұлттық құқығының арақатынасы жайлы, халықаралық шарттарды жасасу, орындау әрі денонсациялау тәртібі жайлы, құқықшығармашылық қызметті жүзеге асыру, имплементация жөніндегі мемлекеттік органдардың құзіреттері жайлы жалпы сипаттағы нормативтік құқықтық актілерді; 2) имплементациялық құқықтық актілерді, яғни нақты шарттар бойынша халықаралық міндеттемелерді имплементациялауды қамтамасыз ету үшін қабылданған ұлттық құқықтық актілерді.

Үшінші ғылыми нәтиже. ҚР-ң экологиялық құқығының халықаралық құқықтық қайнар көздерінің түрлері белгіленіп, оларды бөліп қарастырудың негізі анықталды. Атап айтқанда, ҚР-ң экологиялық құқығының халықаралық құқықтық қайнар көздері халықаралық шарттық және декларативтік актілер түрінде көрініс табады. Экологиялық құқықтың мұндай қайнар көздерін бөліп қарастыру қажеттілігі халықаралық құқық нормаларының Қазақстанның экологиялық заңнамасына тікелей «енуіне» байланысты болып отыр.

Төртінші ғылыми нәтиже. Халықаралық экологиялық шарттың анықтамасы берілді және халықаралық экологиялық шартты міндетті түрде ратификациялау қажеттілігінің авторлық негіздемесі белгіленді.

Атап айтқанда, халықаралық экологиялық шарт дегеніміз табиғатты қорғау мен табиғи ресурстардың көздерін қолдану мәселелері бойынша ҚР-н шет елдермен не халықаралық ұйымдармен жазбаша түрде жасалған, бір құжатта немесе екі не бірнеше құжатта баяндалғанына және нақты аталуына қарамастан, ҚР-ң арнайы нормативтік құқықтық актілерімен және халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісім. Халықаралық экологиялық шартты міндетті түрде ратификациялау әртүрлі деңгейлі экологиялық шарттардың болуының және оларға бірдей мәртебе берудің алдын алады әрі ҚР халықаралық экологиялық міндеттемелерін тиімді жүзеге асыруға негіз болады.

Бесінші ғылыми нәтиже. ҚР-ң экологиялық құқығы қайнар көздері жүйесіндегі халықаралық ұйымдар мен органдардың декларациялары мен қарарларының орны мен мәртебесі негізделіп, ұсынылды. Атап айтқанда, халықаралық ұйымдар мен органдардың декларациялары мен қарарлары ҚР экологиялық құқығының қосалқы қайнар көздері ретінде қарастырылуы мүмкін.

Алтыншы ғылыми нәтиже. Халықаралық экологиялық міндеттемелерді іске асырудың мемлекеттік-құқықтық тетігінің анықтамасы берілді. Бұл тетіктің бірқатар кемшіліктері көрсетіліп, оларды жою жолдары ұсынылды. Атап айтқанда, қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстардың көздерін қолдану жөніндегі мемлекеттік реттеудің негізгі бөлігі болып табылатын халықаралық экологиялық міндеттемелерді іске асырудың мемлекеттік-құқықтық тетігі дегеніміз мемлекеттің ұлттық деңгейде өзіне ерікті түрде алған міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ететін қолданыстағы институттар мен құқық нормаларының жиынтығы.

Бұл тетіктің кемшіліктері: ҚР қолданыстағы құқықта халықаралық шарттық нормалардың түбегейлі заңи рәсімделмеуі; халықаралық экологиялық құқық нормаларының ұлттық құқық деңгейінде толық көлемде қамтамасыз етілмеуі; ұлттық нормативтік құқықтық актілердің халықаралық экологиялық міндеттемелерге уақытылы бейімделмеуі әрі сәйкестендірілмеуі, халықаралық экологиялық міндеттемелердің мемлекет тарапынан орындалуын бақылау бойынша мемлекеттік тетіктердің жеткілікті дәрежеде дамымауы; экологиялық мәселелерге қатысты мемлекетіміздің сыртқы саяси, табиғатты қорғау және өзге де ведомстволардың арасында өзара әрекет етудің нақты әрі анық тетігінің болмауы.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Ізденуші А.И. Рзабайдың қорғауға шығарылған тұжырымдары мен қорытындылары теориялық тұрғыдаға негізділігі мен шынайылығы жағынан әртүрлі деңгейде (яғни, толық және ішінара) көрініс тапқан. Бұл тұжырымдар мен қорытындылар мемлекет және құқық теориясы, халықаралық құқық, конституциялық құқық, салыстырмалы құқық бойынша қол жетімді ғылыми

әдебиеттерді автордың жан-жақты зерттеуіне сүйенеді әрі халықаралық құқық пен ҚР-ң экологиялық құқығын салыстыру арқылы зерттеуіне негізделген.

Бірінші ғылыми нәтиже. Негізді әрі шынайы болып табылады, өйткені ҚР экологиялық құқығы қайнар көздерінің жалпы жүйесіндегі халықаралық құқықтық қайнар көздерді бөліп қарастырудың негізін ҚР Конституциясының нақты нормаларын зерттеу арқылы белгілейді.

Екінші ғылыми нәтиже. Негізді әрі шынайы болып табылады, өйткені тиісті нормативтік құқықтық актілерді саралау және ғылыми әдебиеттерді зерттеу арқылы алынды.

Үшінші ғылыми нәтиже. Негізділігі мен шынайылығы ішінара, өйткені нормативтік құқықтық актілер мен ғылыми әдебиеттерді зерттеу барысында халықаралық әдет-ғұрыптардың орны мен мәртебесі жеткілікті деңгейде қарастырылмай кеткен.

Төртінші ғылыми нәтиже. Негізділігі мен шынайылығы ішінара, өйткені халықаралық экологиялық шарттарды міндетті түрде ратификациялау қажеттілігі негізделмеген және бірқатар мұндай шарттардың қол қою, бекіту және қабылдау арқылы күшіне енуінің кемшілігінің неде екендігі дәлелденбеген.

Бесінші ғылыми нәтиже. Негізділігі мен шынайылығы ішінара, өйткені ҚР-ң экологиялық құқығы қайнар көздерінің ішінде қосалқы қайнар көздердің болуы толық дәлелденбеген. Сонымен қатар, декларациялар мен қарарлардың мәтінінде халықаралық әдет-ғұрып нормаларының белгілену мүмкіндігі толық талдауға алынбаған.

Алтыншы ғылыми нәтиже. Негізді әрі шынайы болып табылады, өйткені құқық теориясына, ғылыми әдебиеттерге және жан-жақты ғылыми талдауға негізделген.

4. Изденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Бірінші нәтиже – ішінара жаңа болып табылады, себебі халықаралық құқықтық қайнар көздердің ҚР-ң ұлттық құқығының әртүрлі саларының қайнар көзі ретінде қарастырылу мүмкіндігінің конституциялық негіздері отандық құқықтану ғылымында бұрын да айтылып және негізделіп келді, бірақ автор бұл ережені ҚР экологиялық құқық саласына бірінші болып қолданды.

Екінші нәтиже - жаңа болып табылады, өйткені халықаралық экология құқығының нормаларын имплементациялауды құқықтық камтамасыз ету ұлттық жүйесінің құрамы отандық құқықтану ғылымында алғаш рет негізделіп ұсынылуда.

Үшінші нәтиже - жаңа болып табылады, өйткені ҚР-ң экологиялық құқығының халықаралық құқықтық қайнар көздерінің шарттық және декларативтік түрлері алғашқы рет белгіленіп, оларды бөліп қарастырудың негізі алғашқы рет ұсынылуда.

Төртінші нәтиже – ішінара жаңа болып табылады, өйткені халықаралық экологиялық шарттың анықтамасы ҚР-ң экологиялық құқығында алғаш рет

ұсынылғанымен, оның жалпы үлгісі бұрындары басқа авторлармен де ұсынылған еді. Сол сияқты халықаралық экологиялық шартты міндетті түрде ратификациялау қажеттілігінің авторлық негіздемесі алғаш рет ұсынылғанымен, мұндай қажеттіктің болуы толығымен дәлелденбеген.

Бесінші нәтиже – жаңа болып табылады, өйткені отандық құқықтану ғылымында халықаралық ұйымдар мен органдардың декларациялары мен қарарларын ҚР экологиялық құқығының қосалқы қайнар көзі ретінде қарастыру бойынша ұсынысты бұрын ешкім негіздемеген еді.

Алтыншы нәтиже - жаңа болып табылады, өйткені отандық құқықтану ғылымында бұрын халықаралық экологиялық міндеттемелерді іске асырудың мемлекеттік-құқықтық тетігінің анықтамасын негіздеп ұсынбаған еді.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы

Әзірленген теориялық және тәжірибелік ұсыныстар бұрын отандық экологиялық құқық ғылымында көтерілмеген. Диссертацияның нәтижелері халықаралық экологиялық шарттың заңды күшін анықтау, халықаралық экологиялық міндеттемелерді орындау мәселелерін шешу кезінде ҚР Сыртқы істер министрлігінің, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің практикалық қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертацияның теориялық қырлары экологиялық заңнаманы жетілдіру барысында заң шығару процесінде; ҚР экологиялық құқығы жүйесіндегі халықаралық шарттық нормалардың орнын, ұлттық заңнамаға халықаралық шарттық нормаларды имплементациялау проблемаларын анықтауды одан әрі теориялық зерттеулерде; жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде қолданылуы мүмкін.

6. Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама

Диссертациялық жұмысты орындау кезінде алынған ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар, ережелер халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, сыннан өтті.

Ізденушінің зерттеу барысында жариялаған ғылыми мақалаларының саны 11 (он бір). Соның ішінде, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда 3 мақала және «Scopus» базасына кіретін «Journal of Environmental Management and Tourism» және «Environmental Policy and Law» журналдарында 2 мақала, ТМД және басқада шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 мақала, сондай-ақ Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 4 мақала жарияланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар

Ізденушінің таңдап алынған тақырыбы бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Диссертациялық зерттеу жоғары бағаға лайық болғанымен, оның мазмұнына қатысты бірнеше ескертулер мен ұсыныстарды атап өтуге болады:

Біріншіден, диссертацияда құрылымдық дисбалансқа жол берілген.

Екіншіден, халықаралық құқықтың екі негізгі қайнар көзінің бірі – халықаралық әдет-ғұрыптарға көңілдің тым аз бөлінуі және халықаралық құқықтық әдет-ғұрыптарды ҚР-ң азаматтық құқығы тұрғысынан қарастырудың (20-21 беттер) әдістемелік жағынан дұрыс еместігі.

Үшіншіден, жұмыстың мазмұнында стилистикалық қателіктердің көп кездесуі.

8.8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, сын пікір беруге ұсынылған жұмыс өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған, ҚР-ң экологиялық құқығы мен ҚР-ң халықаралық құқық ғылымы үшін маңыздылығы бар жеке ғылыми ізденіс болып табылады.

Диссертациялық ізденістің нәтижелері, қорытындылары, тұжырымдары мен ұсынымдары жоғары деңгейге лайық, жұмыстың өзі болса өзекті тақырыпқа арналған деп тануға толық мүмкіндік бар.

Рзабай Ақтоты Иманғазықызының «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық қайнар көздері» тақырыбындағы диссертациясы қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы

Қазақ Ұлттық университеті

халықаралық қатынастар факультетінің деканы,

з.ғ.д., профессор



С.Ж. Айдарбаев

22 қазан 2020 жыл

